

№20 «Жайна» бөбекжай-балабақшасы
"Айгөлек" ересек тобында өткізілген ата-аналар жиналысының хаттамасы.
Хаттама №1

Қатысқан ата-аналар саны: 15

Қатыспаған ата-аналар саны: 10

Қаралатын мәселелер:

1. Жалпы ата – аналар жиналысы

«Бала тәрбиесі – отбасынан басталады» сауалнама алу.

2. «Тазалық – денсаулық кепілі» (Медбике кеңесі)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі сөз бастады.

Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар! Біздің бөбекжай-балабақшамызға қош келдіңіздер! Сіздерді жаңа оқу жылымен құттықтаймын! Алдағы уақытта сіздермен бірлесе отырып, жақсы жұмыс жасаймыз деп сенім білдіремін. Осы орайда тобымызға жаңадан қосылған балалардың ата – аналарына қош келдіңіздер! -дейміз.

Барлығымыз бір- бірімізбен танысып болсақ орындарыңызға жайғасып отырыңыздар. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы. Бала таңертеңгі 08-00-ден бастап кешкі 18-00-ге дейін балабақша тәрбиешісінің қарауында болады. Балабақшадағы бала тәрбиесінің күн тәртібі 10-сағатқа шамаланған. Баланың еркін, жан-жақты қажетті құралдар мен ойындар белгіленген күн тәртібіне сай өткізіліп отырады. Өздеріңіз білетіндей 3 мезгіл тамақпен қамтылған. Топ тәрбиешісі ата-аналарды бағдарламамен, топ бөлмелерімен, ас мәзірімен, балабақшаның жұмыс кестесімен таныстыра отырып, келісім шартқа қол қойылды. Сонымен қатар, бүгінгі күні алдымызға келген балалар міндетті түрде суретке түсу (казна фейс) арқылы белгіленетінін айта келіп, себепсіз қалмау керектігін қатаң түрде ескертті. Үш күннен аса қалған балалар міндетті түрде анықтамамен келу керектігін, алынған анықтама тексерілетінін де ескертті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ата-аналардың ойын тыңдай отырып, «Бала тәрбиесі – отбасынан басталады!» тақырыбында сауалнама толтырылды. Ата –аналармен пікір алмаса отырып, ойларын тыңдады. Сонымен қатар, бірлесе жұмыс жасауға шақыра отырып, бала портфолиосын бірге жасақтауды ұсынды. Қажетті құралдарды айта келіп, ата-аналар кеңесін, төрайымын сайлауды ұсынды. Ата-аналар бір ауыздан Оспанова Назеркені ата-аналар төрайымы етіп сайлады.

Екінші мәселе бойынша балабақша мейіркенші тазалық жайында, бала денсаулығы, топ бөлмелерін кварцтау уақыты жайлы ата-аналарға толық ақпарат берді. Өз кезегінде балабақшадағы ас мәзірімен, балалардың балабақшадағы қауіпсіздігі туралы айтты. Сонымен бірге, асқа аллергиясы болса алдын ала ескертуді айта отырып, балалардың тазалығына мән беруді ескертті және де балабақшадан себепсіз қалмау керектігін, анықтама алған жағдайда тексерілетіндігін қатаң түрде ескертті.

Сонымен қатар, ата-аналарға сауалнама берілді. Ата-аналар сауалнамамен танысып, толтырып өткізді. Сауалнамаға әр ата-ана өз баласының ерекше қасиеттерін, денсаулығына байланысты, тамақтануына қатысты ескертпелерін де жазып берді.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналар балаларды таңертең балабақшаға уақтылы алып келу.
2. Балаларды себепсіз балабақшадан қалдырмау.
3. Ата - аналар кеңесінің төрайымы, мүшелері бірауыздан сайланды.
4. Балаларды бірлесе отырып тәрбиелеу.

Топ тәрбиешісі: *М.Тогоева* Тогоева Г

Хатшы: *А.Алменова*

Алменова С

№20 «Жайна» бөбекжай-балабақшасы
"Айгөлек" ересек тобында өткізілген ата-аналар жиналысының хаттамасы.
Хаттама №2

Қатысқан ата-аналар саны: 12

Қатыспаған ата-аналар саны: 13

Қаралатын мәселелер:

1.«Смортфонсыз бала өмірі. Мобильді кітапхана» (видеоролик)

2.«Әжем айтқан құнды өсиет»

Бүгінгі бірінші мәселе бойынша топ тәрбиеші сөз бастады.


Ата аналарды әуенді ырғақты қимыл жасау арқылы топ бөлмесіне шақырды. Одан әрі алдын ала дайындалған видеороликтерді қарап, балалардың ата аналарымен күн тәртібін көрсетті. Қазыналы қарттарымызды мерекесімен құттықтай отырып, дендеріне саулық,отбасыларына амандық тіледі. Балабақшамыздағы «Әжелер мектебі» жұмысының жоспарымен қысқаша таныстырып өтті. Келесі кезекте бүлдіршіндердің ата әжелеріне арнаған тәтті құттықтау лебіздері мен әндеріне кезек бере отырып, «Әжем айтқан құнды өсиет» танымдық кешін жалғастырды. Қонаққа келген әжелер өздерінің өнегелі сөздерін айтып, балаларға ертегі, нақыл сөздерін айтып берді. Мұнымен қоса, салт-дәстүрден де құр емес екендігін көрсетті.


Екінші мәселе бойынша танымдық кешке қатысқан әжелер ұйымдастырылған кешке алғыстарын айтып,батасын берді. Бүлдіршіндерді тәрбиелеп, білім беріп отырған балабақшаға жылы лебіздерін аямады.

Қонаққа келген әжелерге алтын уақыттарын бөліп келгендері үшін алғыс айта отырып, сый-сыяпат көрсетілді.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналар балалардың үй жағдайындағы күн тәртібін тиімді ұйымдастыруға кеңес берілсін.
2. Қазыналы қарттарымызды құрметтеп, балабақшаға шақыру, «Әжелер мектебі» жұмысын жандандыру.
3. Балаларды бірлесе отырып тәрбиелеу.

Топ тәрбиешісі:  Тогаева Г

Хатшы:  Алменова С

№20 «Жайна» бөбекжай-балабақшасы
"Айгөлек" ересек тобында өткізілген ата-аналар жиналысының хаттамасы.
Хаттама №3

Қатысқан ата-аналар саны: 15
Қатыспаған ата-аналар саны: 10

Қаралатын мәселелер:

1. Бала дамуына керекті ойындар

2. Кітап бұрышы (Ата-анамен бірлескен жұмыс)

Топ тәрбиешісі ата аналарды топ бөлмесіне ойын арқылы бастап кірді.

«Оюмен секіріп өт» ойыны. Ата аналар текшені лактыру арқылы қай ою түссе, сол ою үстімен секіре келе, орындарға жайғасты. Бұдан әрі ата аналарды «Кім тапқыр?» ойынымен ортаға жинады. Яғни, әр баланың көзінің суретін үстел үстіне қойды. Әрбір ата-ана өз баласының көзін мүлтіксіз тауып, көрсетуі керек. Ойын өте қызықты өтті, ата-аналар белсене атсалысты.



Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша психологы сөз алды. Өз кезегінде балаларға қауіпті смартфон ойындарымен таныстырып өтті. Тыныш болсын деп ұялы телефонды ұстата салу, үлкен қателік екенін қатаң ескертті. Сонымен қатар, пайдалы үй жағдайында жасауға болатын ойын түрлерімен таныстырды. Қарапайым күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген стакан, су, түтікше арқылы ойналатын ойын түрлерімен және ас үстелін дайындап жүріп, ас ішу құралдарын санату, салыстыру, теңестіру арқылы ойлау қабілетін дамытуға болатынын, айна арқылы артикуляциялық жаттығуларды орындай отырып, түрлі көңіл күй белгілерін салу арқылы балаға қуаныш сыйлай отырып, дыбыстарды анық айтуға үйретуге болатынын көрсетті.

Ата аналар пайдалы іс тәжірибемен бөліскеніне алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі сөз алды. Ата аналарды топтағы кітап бұрышымен таныстыра отырып, «Әр бала бір кітап» акциясын ұйымдастырып, әрбір баланың әкелген кітабын таныстырып өтті, белсенділік танытқан ата-аналарға алғысын білдірді. Сонымен қатар, «Баспахана» ойын әдісі арқылы ата-аналарды шығармашылық жұмысқа шақырды. Бұл жерде ата-аналар қайшы, түрлі түсті қағаз, түрлі суреттерді қолдана отырып, өздері кітап жасады. Жиналыс соңында ата-аналар топ тәрбиешісіне алғысын айтып, ризашылығын білдірді.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Ұялы телефонды бермеу.
2. «Әр бала бір кітап» акциясына белсене қатысу.

Топ тәрбиешісі:  Тогаева Г
Хатшы:  Алменова С

№20 «Жайна» бөбекжай-балабақшасы
"Айгөлек" ересек тобында өткізілген ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттама №4

Қатысқан ата-аналар саны: 17

Қатыспаған ата-аналар саны: 8

Қаралатын мәселелер:

1.«Балаңызға ертегі айта білесіз бе?»

2.«Қауіпсіздік ережесін біліп жүрейік!» (танымдық викториналық сайыс)

«Өрмекші торы» жаттығуы арқылы жиналыс басталды. Қатысушылар шеңбер құра отырады. Ойынға барлығы қатысуы тиіс. Жіп кімнен ілініп басталса, сонымен аяқталып өрмек жиналу керек.

Жаттығу шарты: Топта бірін-бірі жақын танығандықтан, әр кім 1-ші өзінің достарына айтар тілегін, қошеметін, жағымды қылықтарын білдіріп жіпті саусағына іледі, өрмек тоқылды. 2-ші кері бағытта, бірақ сол ізбен достарының бойына қажет емес қасиеттерін, қылықтарын айту.

Өрмекті жию.

Тәрбиеші: Айтылған тілектер мен сынды қабылдаймыз ба? Сын орынды айтылды ма? Бұл жаттығудың мақсаты да сол, сын түзелмей, мін түзелмейді – дегендей, айтылған ескерте, сындарды түзете білейік. Болдырмайық.

Құрметті ата аналар, балабақшамен ынтымақтастықта жұмыс жасай отырып, біз балаларымыздың бойына ұлттық тәлім тәрбиені сіңіріп келеміз.



Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Сөз алды.

Құрметті ата-аналар! Сіздерді дөңгелек үстел басына шақырамын! Алдымен сіздерге сұрақ беріп, ойларыңызды білгім келіп отыр. «Баланың қауіпсіздігі» дегенді қалай түсінесіздер? Үйде баланың қауіпсіздігі қаншалықты сақталады?

Ата-аналарға сауалдар беру арқылы педагогикалық білім бере отырып, баланың жалпы қауіпсіздігі туралы толық түсінік беріп, тәжірибе алмасты. Ата аналар айтылған ақпараттар өте орынды екенін айтып, ризашылықтарын білдірді.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Баланың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында, ертегіні жиі айту.
2. Балалардың қауіпсіздігін қатаң сақтау.
3. Бала денсаулығына мұқият қарап, ауа-райына сай киіндіретіндерін және артық киім беретіндерін айтты.

Топ тәрбиешісі:  **Тогаета Г**
Хатшы:  **Алменова С**

*№20 «Жайна» бөбекжай-балабақшасы
"Айгөлек" ересек тобында өткізілген ата-аналар жиналысының хаттамасы.*

Хаттама №5

Қатысқан ата-аналар саны: 15

Қатыспаған ата-аналар саны: 10

Қаралатын мәселелер:

1.«Біз шыныққан отбасы – үлгіміз баршаға!»

2.«Балаңызбен бірге ойнаңыз!»

Құрметті ата аналар, кезекті жиынымызға қош келдіңіздер! Алдағы сайыстарға сәттілік тілеймін. Топ тәрбиешісі сөз алып, ата аналарға сәттілік тіледі.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз кезегін дене шынықтыру нұсқаушысы алды. Ата аналармен амандасып, сайысқа сәттілік тіледі.


Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі дене шынықтыру нұсқаушысымен бірлесе отырып, ата аналарға ұлттық ойындар топтамасын ұсынды, ұйымдастырды.


Сайыста «Бестемше», «Қол күрес», «Асық үстел үсті» ойындары ойналды. Ата аналар ойындарға қызыға отырып, белсенділікпен қатысты.

Сайыс соңында әділ қазылар алқасы сөз алып, жеңімпаз отбасыларды марапаттап, сый сыяпат көрсетті.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Бала тәрбиесіне көңіл бөлу.
2. Ұлттық тәрбие құндылықтарын бірлесе отырып бала бойына сіңіру.

Топ тәрбиешісі:  Тогаева Г

Хатшы:  Алменова С

*№20 «Жайна» бөбекжай-балабақшасының
"Айгөлек" ересек тобында өткізген ата-аналар жиналысының хаттамасы.*

Хаттама №6

Қатысқан ата-аналар саны: 17

Қатыспаған ата-аналар саны: 8

Қаралатын мәселелер:

1. Ата – аналар жиналысы. «Жайқалған бақшамыз әдемі» (көгалдандыру жұмысына тарту)

2.«Әке отбасы тірегі» спорттық сайыс

Құрметті ата аналар, кезекті жиынымызға қош келдіңіздер! Бүгін сіздермен **«Сұраңыз - жауап береміз» жаттығуын** жасағым келіп тұр.

Бұл жаттығуды орындау барысында әр қатысушы өздеріне қарама-қарсы жыныс өкілінен қыз бен ұл арасындағы қатынас жайлы пікірлері мен көзқарастары қандай екені туралы пікірлерін салыстырып талдайды. Ұл балалар бұл сұрақты қыздар қалай талқылайтыны туралы өз пікірлерін, ал керісінше қыздар ұл балалар пікірін өзінше талдайды.


Әр қатысушы парак бетіне бір сұрақтан жазады. Сұрақ тақырыптары - ұл балалар мен қыз балалардың қатынасы және кездесу. Мысалы, кездесу кезінде не істеуді ұнатасың? Біреуге ұнайтыныңды қалай білесің? Ұл балалардың (қыз балалардың) киім киісінің қандай стилі ұнайды?» Ер балалар мен қыз балалар топтары екі жаққа тарайды да біріге отырып сұрақтар тізімін жасайды. Әр сұрақ жеке паракка жазылып, парактар екі қорапшаға немесе кәрзеңкеге салынады. Сұрақтарды талқылауды қыздар бастайды. Біріншіден, қыз балаларда сөйлеу әрекеті жақсы дамыған, сұрақтарды талқылау бірден қызықты пікірталасқа айналады. Екіншіден, жеткіншек қыз балалар ұл балаларға қарағанда «ересектеу» болып саналады. Демек қыз балалар, ұл балаларға үлгі бола алады. Белсене қатысқандарыңызға алғыс айтып, ата аналар орындарына жайғасты. Сөз кезегін топ тәрбиешісі жалғастырды.


Бірінші мәселе бойынша ата-аналарды «Жайқалған бақшамыз әдемі» акциясына белсене қатысуға шақырды. Топ ата аналары мақұл алып, бірлесе жұмыс жасайтындықтарын жеткізді

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі дене шынықтыру нұсқаушысымен бірлесе отырып, ата аналарға «Әкелер мектебі» жұмысымен таныстыра отырып, кезекті сайысқа берді. Сайысқа қатысуға келген әкелерге сәттілік тіледі. Сайыс тартысты, қызықты болды. Сайыс соңында әділ қазылар алқасы сөз алып, жеңімпаз отбасыларды марапаттап, сый сыяпат көрсетті.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. «Жайқалған бақшамыз әдемі!» сайысына белсене қатысу
2. «Әкелер мектебі» жұмысын жандандыру

Топ тәрбиешісі:  Тогаева Г

Хатшы:  Алменова С

*№20 «Жайна» бөбекжай-балабақшасының
"Айгөлек" ересек тобында өткізген ата-аналар жиналысының хаттамасы.*

Хаттама №7

Қатысқан ата-аналар саны: 18
Қатыспаған ата-аналар саны: 7

Қаралатын мәселелер:

1.«Біз біргеміз – берік іргеміз!» (Психолог тренингі)

Ашық есік күні

2.Жазғы шынықтыру шараларына дайындық

Топ жиналысын тәрбиеші бастады. Ата аналармен амандасып, көтеріңкі көңіл күй, сәттілік тіледі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша психологы сөз алды.


Сөз алғандар. «Сәлем сөздің анасы» демекші, ата аналармен амандасып, өзін таныстырып, одан әрі жұмысын тренингпен жалғастырды. Ата аналарды ұжымшылдыққа, ауызбіршілікке шақырып, ойындар ұйымдастырды. Одан әрі балалармен жыл бойы жасаған жұмысына қысқаша тоқталды..


Сонымен қатар, үйде баламен көп сөйлесу керектігін айтты. Смартфон, теледидардан көрі суретті карточкаларды көбірек қолдану қажеттігін ескертті

Келесі сөз кезегін топ тәрбиеші алды. Ата аналарды жазғы шынықтыру шараларымен таныстырып, дайындық (балалардың киімі, сүлгі, т.б.) барысына жіті тоқталды.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Жазғы шынықтыру шараларына дайындық барысын мақұлдады.
2. Психолог маманның жұмысына ризашылықтарын білдірді. Жиналыста көрсетілген жаттығуларды үй жағдайында да орындататындықтарын жеткізді.

Топ тәрбиешісі:  Тогаева Г

Хатшы:  Алменова С